

КЕПІЛ МҮЛІК БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

1) Несие бойынша кепіл ретінде не ұсынуға болады?

Кепіл ретінде мынадай мүлік қабылданады:

- Республикалық маңызы бар, облыстық маңызы бар қалаларда, аудан орталықтарында, облыстық және аудандық бағыныстағы қалаларда және өзге де елді мекендерде орналасқан жылжымайтын мүлік;
- Жеке меншік құқығындағы/бастапқы ұзақ мерзімді өтеулі жер пайдалану (жалдау) (егістік) құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері; жайылымдарды суландыру және қоршау инфрақұрылымы бар жеке меншік құқығындағы/бастапқы ұзақ мерзімді өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері.
- Арнайы техника.

2) Несие қаражаты есебінен сатып алынатын мүлікті кепіл ретінде қоюға болады?

- Жоқ рұқсат етілмейді. Кепіл ретінде несие сомасын 100% жабатын кепіл мүлік ғана қабылданады.

3) Кепіл мүлік басқа елді мекенде болуы мүмкін бе?

- Иә, кепіл ретінде қабылданатын мүлік Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде болуы мүмкін.

4) Несие бойынша кепіл беруші ретінде кім бола алады?

- Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде өз мүлкін беретін кез келген жеке немесе заңды тұлға несие бойынша кепіл беруші бола алады.

5) Кепіл ретінде жеңіл автокөлікті беруге бола ма?

- Жоқ, жылжымалы мүлік ретінде тек арнайы техниканы ұсынуға болады.